

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына толықтырулар енгізу және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 469 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 850 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 126-1) тармақшамен толықтырылсын:

"126-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру шарттарын айқындау;"

мынадай мазмұндағы 268-1) тармақшамен толықтырылсын:

"268-1) халықаралық маңызы бар теңіз порты мәртебесін айқындау;"

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 тамыздағы № 469 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов